

Кіріспе	3
I. Тарау.	
1.1. Әл-Фарабидің өмірліктен еңбегтері	5
1.2. Әбу Насыр Әл-Фараби және оның әлем ғылымына қосқан үлесі	12
1.3. Фараби және педагогика философиясы	14
II. Тарау.	
2.1. Нидерланд Әл-Фараби туралы	17 2.2.
Әл-Фарабидің Нидерланд болған оқығасы Don Robertson	20
2.3. Ортағасыр ғылымдарының Әл-Фараби туралы ой-пікірлері	22
Қорытынды	27
Пайдаланылған әдебиеттер.	

Кіріспе

Тарихы білмей тұрып қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау үшін дейтін өз қандасы бар. өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп ғылымның бүгін мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда ғылым тарихы маңызды орын алады. Расында адамзаттың жинақталған мәтериалдық байлықтары қандай ұшан теңіз болса, оның рухани байлығының қоры да сондай көп. Бұлардың бәрі – баршаға бірдей ортақ қазына. Сол мәдени мұраны талдап, іріктей білу, оны қастерлеп бағалай білу, қалыңға жеткізу – кейінгі ұрпақтың абыройлы міндеті. Осы кездегі өркени өскен сан салтаны ғылым мен мәдениетті жасауға талай елдің, талай ұрпақтың таңдаулы өкілдері қатысты. Орта ғасырларда адамзат білімінің мөләйым, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламаның бірі – қазақ топырағынан шыққан данышпан Абу Насыр Әл-Фараби. Фараби және оның шәкірттерінің ғылым мен мәдениетті дамытудағы орын алдыру, ғылыми мұраларын мадәмет зерттеу өте үлкен маңызды жұмыс. Бұл жағдайда білім паздар өте ертеден-ақ аңғарған сияқты. Сондықтан да болу керек, дүние жүзінің әр түрлі қалықтарынан шыққан оқыныстылар Әл-Фараби мұраларын мың жыл бойы зерттеп келеді. Әдебиеттен ауытпа шығармалардан басқа Қазақстанда ғылымның дамуы да кең тараған. Астрономия, география және басқа да аралығыстану ғылымдары туралы көшпенділердің білімі орта ғасырларда ғылыми трактаттар түрінде кең тараған. Екінше орай соның көп бөлігі бізге дейін жеткен жоқ. Бізге Қазақстаннан шыққан көптеген есімдер белгілі, бірақ солардың ішінде Абу Насыр Аль Фарабидің жөні бөлек. Әл Фараби заманында бүкіл Орта Азия мен Түркістан Араб халифатының ықпалында болған. Соған байланысты қала қалыы сауда сақтық мәселесінде ислам қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан араб, парсы, түркі тілдерін қатар қолданған. Соның ішінде рухани, ғылыми тіл араб тіл болған. Сондықтан осы қалада сауат ашып, осы қалада білімге, ғылымға деген құмарлығы ояңған Әл-Фарабидің осы үш тілді жетік білуі заңдылық еді. Ол кейін білім ғылым іздеп, көп жерді аралайды. Ақыры сол кезде әлемнің ғылым дүниесінің орталығы болған Бағдадқа келіп, сонда тұрақтап қалады. Сол кездің әйгілі ғалымдарымен кездесіп, олармен сырлас болады. Грек, латын, санскрит және басқа тілдерді үйренеді. Ол өз заманындағы дамыған ғылым салаларының бәріне, өнеріне едәулік үлес қосып, елеулі із қалдырады. Одан қалған ғылыми еңбектердің өзіннің саны жүзден астам. Сол еңбектерді ғылым салаларына қарай бөлетін болсақ, олар мынандай: астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғат ғылымдары, социология, лингвистика, поэзия риторика, философия болып келеді. Қазақстан ғалымдары да бұл салада бір аз жұмыстар істеді. Орыс және қазақ тілдерінде Фарабидің философиялық және әлеуметтік

этикалық трактаттарының негіздері, орыс тілінде математикалық, тарихи философиялық, логикалық, жаратылыстану ғылыми еңбектері, Проплемейдің «Диалогіне» түсіндірмелері жарық көрді. Ғұламаның философиялық, ғылыми еңбектерін зерттеуді, түсіндіруді, насихаттауды нысана еткен көптеген ғылыми зерттеу, кітаптар, мақалалар көркем әдеби туындылар басылып шықты. Бұлардың ішінде осы еңбек авторының «Әл-Фараби», «Фарабидің математикалық мұрасы» (орыс тілінде), «Сенбес жұлдыздар», «Фараби еңбектеріндегі астрономия мәселелері» (орыс тілінде), «Фарабидің педагогикалық мұрасы» (орыс тілінде) монография, кітаптары, «Фараби Бағдат шаһарында» атты повесі, көптеген мақалалары бар. Фарабидің философиялық және қоғамдық саяси еңбектерін, көзқарастарын талдауға орын бір шама аз берілді. Фарабидің төл еңбектерінің халық арасында көп белгісіз болып отырғанын ескеріп, біз оның ғылыми мән өнер туралы мұраларына арналған тарауларда, көбінесе, ғалымды ана тілімізде сөйлетеуге көп көңіл бөліптік. Бұл ұлы ғалымның өзінің ой-тұрасатын, ойлау, пайымдау, баяндау жүйесіне ғана емес, сол замандарғы рухани мәдениеттің жай-жапсарын, ерекшеліктерін дұрыс аңғаруға мүмкіндік қалайты болар деп ойлаймыз. Әл-Фараби өздігінен оқып жетілген ғалым. Ол ең алдымен грек ғалымын, оның философиясын, әсіресе ұлы ұстазы Аристотельдің еңбектерін қызыға оқыған. Әл-Фараби логика, музыка, астрономия және басқа ғылымдар бойынша еңбектер жазған. Әл-Фараби жиіхан кезікті ұнатқан. Орта ғасырлық тарихшылар оның қарағайым, аса қанағатшып, жартыны ғана кезініп, той – дұман, ырду-дырдудан бойын барынша аулақ ұстаған адам болғанын жазған. Күндіз ол көбінесе қаладағы бақта күзетшілік қызмет атқарып, тапқан ақшасына сатып алған шырғақ жарығымен түні бойы кітап оқумен шұғылдандыған. Сондай-ақ өзі де «Кемелгерлік меруерлі», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселенің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақысқа жету» сияқты т.б. көптеген трактаттар жазған.

I. Тарау.

1.1. Әл-Фарабидің өмірі мен еңбектері

Абу Насыр ибн Мұхаммед Тархан ибн Узлаг Әл-Фараби 870 жылы Отырар қаласында қыпшақтың әскери қолбасшысының жанұясында туыпған. Абу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бауырына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Кәмелеттік жасқа толған соң ол, оқуын жалғастыру үшін жетекші ғылыми орталықтарға барады. Осы мақсатпен Шаш (Ташкент), Самарқандта, Исфаханда, Хамадан және тағы басқа көптеген қалаларда болады. Сол замандағы ғылым мен мәдениеттің дамын орталықтарының бірі Халифат астанасы Бағдат қаласында ұзақрақ болады. Осы жерде өз білімін толық жетілдіреді және көптеген көрнекті ғалымдармен танысып, олардың арасында жетекші орынға ие болады. Бірақ бұл жағдай діни-ғалымдардың көре алмайтыншығын туғызып, олармен көзқарасы айырмаланған Әл-Фараби Бағдатты тастап Хорасанға кетуге мәжбүр болады. Өмірінің ақырғы күндерін Алеппо және Дамаскиде өткізді Әл-Фараби энциклопедия ғалым ретінде ғылымның барлық саласына елеулі еңбек сіңірді. Ол барлық ғылымды теориялық (логика, жаратылыстану, математика) және практикалық (этика, саясат) деп екіге бөледі. Оның қолынан музыка теориясы, физика, заң, әлеумет, астрономия, медицина, логика, философия ғылымдарына арналған көптеген трактаттар шықты. Аристотель оқушыларын дұрыста және жалғастыра отырып Әл-Фараби көзі тірісінде ақ “Екінші ұстаз” (Аристотелден кейінгі) деген атақ алады. Арабияның орта ғасырдағы ғылымы осы Әл-Фарабидің еңбектері негізінде қалыптасады және оның ықпалымен Ибн Рушд, Ибн Сина, Омар Хайям, Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи және көптеген ғұламалардың көзқарастары қалыптасады. Фараби еңбектерінің жалпы саны жүзден асады. Зерттеушілердің айтуынша Фараби еңбектерін бөлек-бөлек қағаздарға жазып, көрінген шаққаттарына бере салады екен. Соның салдарынан оның еңбектерінің арабша көп нұсқасы жоғалып кеткен. Бірақта арабша нұсқасы жоғалып кеткен еңбектерінің біразы латынша, еврейше аудармаларда сақталған. Оның бұл еңбектерін Еуропа ғалымдары көңілдерінде пайдаланған. Ал араб ғалымдары Фараби тірі кезінде де, өлгеннен кейін де оны өздерінің ұстазы деп білген. Әсіресе, оның

еңбектерін Орта Азия ғалымдары жоғары бағалаған. Ғараби еңбектерінің кейбіреулері кейінгі кездерде неміс, ағыл-шып, француз тілдеріне аударылған. Мысалы Дерлангер Бөздің "Араб музыкасы" атты француз тілінде шыққан еңбегінде Ғарабидың "Қытаби музыка ал-кабир" деген еңбегін толық келтірген. Ғарабидың бұл еңбегі дүние жүзінде музыка жөнінде жазылған еңбектердің ең ірісі болып табылады. Немістің белгілі ориенталисты Дростердің 1890-1895 жылдары Лейденде Ғараби жөнінде еңбектер шығарған және Ғараби кітаптарының бірнешесуін арабша бастырған. Еуропа тілдерінде шыққан "Ислам энциклопедиясы" атты жинақтарда да әл-Ғараби туралы үлкен мақалалар басылған. Шығыс елдерінде Ғараби туралы жазылған еңбектер көп. Солардың ішінде араб тілінде шыққан "Салсалатин Таржиһ ал-ғаләм" жинағында, Шамсуддин Сазидың "Халус ал-ғаләм" атты түрік тіліндегі еңбегінде, тағы басқаларында Ғараби туралы бірсыпыра мәліметтер келтірілген. Бұл еңбектерде Ғарабидың суреттері де бар. "Айқап", "Шопа" журналдарында да Ғараби жөнінде аздаған тәңір қашпа мәліметтер айтылады. Кейінгі кезді алатын болса, Ғараби туралы біраз сөз Ә.Колыманның еңбегінде (Алматы 1942), С.Н. Фригорскийның еңбектерінде (Москва, 1938, 1960), М.Б.Қарамановтың 1960 жылы Алматыда шыққан "Қазақтың байырғы календары" атты еңбегінде едәуір мәліметтер келтірілген. Ғараби жөнінде 1938 жылы ағылшын тілінде шығатын "Мұсылман дүниесі" ("Muslim Word") атты журналда материал жарияланған. Онда Клардены Американдық университетінің жанындағы Шығыстану мектебінде оқыған лекция талданды. Ал, ол лекцияда Аристотель, әл-Ғараби және Ибн-Сина — үшеуінің дүниенің жаралуы жөніндегі көз қарастары және аль-Газалидің оларға қарсы пікірлері айтылады. Ғараби жөніндегі қазіргі бізге белгілі болып отырған мәліметтер осындай. Жоғарыда айтылған Ғараби туралы шет тілде шыққан материалдардың бірсыпырасын Қазақ ССР Ғылым Академиясының кітапханасы кейінгі екі жыл ішінде жинастырып отыр. Олардың ішінде шет мемлекеттерден ашарылған Ғарабидың аса құнды еңбектерінен жасалған фотосурет кітаптары мен микрофильмдер, "Ғылым меруергі", "Ғылымдардың шығуы", "Қайырлы қаланың адамдары" деген сияқты еңбектер бар. Жалпы алғанда қазір біздің қолымызда Ғараби еңбектері мен ол туралы жазылған еңбектердің екі томдық мағарымы бар. Көп еңбекпен жиналған осындай құнды материалдарды тездетіп іске асыру қажет. Біз қазір олардың

кейбіреулерінен шалта келгенде қазақша және орысша тілге аудара бастадық. Бірақ бұл іс жеке-жарым аралының қолынан келе бермейді. Кітапхана мұнан былайда Ғараби еңбектерін жинай беруі керек. Ал біздің ғалымдарымыз бұл іске аз салысулары керек. Қолда бар еңбектерді бастаға дайындалу істерінде ұйымдастырған жөн.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша еске салта кететін мынандай бір жайттар бар. Біріншіден, Ғарабидің ізмен іс қылған Абу Али Сина, Евруни секілді ғалымдардың еңбегі көптеген том болып шығып отыр. Олар туралы өзбек, тәжік, ғалымдары көптеген еңбектер жазды. Ғараби жөнінде ондай ешнәрсе жоқ. Екінші жағынан Ғарабидің туған жері Отырар қаласы Шығыстың жорығында қаралыптан болса, әлі сол қалпында жатыр. Үстіміздегі жасыран бастап соны қалу, ескі мұраны жерлеу істері басталмақ. Үшіншіден, дүние жүзіне аты әйгілі ғалым Ғарабидің мұрасын зерттеу біздің зор міндетіміз. Енді бірнеше жылдан кейін ұлы ұстаздың туғанына 1100 жыл толады. Соған қарсы осы істер жедел қолға алынғаны дұрыс.

Ғараби туралы, оның еңбектері мен өмірбаяны жөнінде қысқа мақалалар мен хабарлар бірнеше жерде жарияланып келді. Бірақ та, осы ұлы данышпанның нағыз өзінің ғылыми еңбегі қолға түспей келген болармын. Кейінгі 2-3 жыл ішінде Қазақ Ғылым академиясы шетелдерден және СССР кітапханаларынан осы кісінің едәуір еңбектерін қолға түсірді. Ғараби еңбектері жүзден асаты екен. Сол еңбегінің тізімін басы мен аяғынан үзінді беріп отырмыз.

1979 жылы қазақ тілінде тұңғыш рет талантты әдебиетші Аян Нысаналиннің аударуымен "Жазушы" бастасында ұлы бабамыздың "Трактат және өлеңдер" деген кітап кітапхана жарық көрді. Мұнда келтірілген Ғарабидің қысқа да болса нұсқа трактаты "Өлеңдер өнерінің қағидалары" деп аталады. Бұл шығарма атынан көрініп тұрғандай поэзияның теориялық негіздерін байлауға арналған. Трактат былай басталады "Размысы күшті раббының атынан, бұл зерттеудегі негізгі мақсатымыз - тынық ой маржаның сүзілі, онымен - «танымқандық философияның поэзия туралы айқандарын түсіруге қол ашып беру еді.

Ары қарай Ғараби араб, парсы және басқа тілдердегі өлең өнеріне де кеңіл бөліп отырады, азындық пен әуенділіктің байланысын да назардан тыс қалдырмайды. Ол былай дейді: "Біздің жазбалымыздың осы жеріне жеткенде азындық түйіндеудің әр қызы түрін белгілеу пәзім. Азындық түйіндеуді өлшеміне, яғни мазмұнына қарай топтау мүмкін. Өлшеміне қарай

топтау әуенділікке, немесе әлгінге, тұжырымды қай тілде әкеніне байланысты, қызымен қатар музыканың дәл еңіне де қатысты.

Ғараби музыканттар сияқты ақындарды, поэзия өнерін қуушыларды да талантына, арқалылығына, поэтикалық қызынды, тұжырымды, үйлестіретін сөзгеу - сақтамауына байланысты үш топқа бөледі. Ол бұл туралы былай деп жазды: "Ақындарды үш топқа бөлген абзал. Біріншісіне табиғат дарыны еленді жазып, келісті оқуға қабілеті барлар жатады, олар поэзияның көптеген түрінде, не қайсыбір жеке түрінде бейнелілікке, талаша теңеулер құруға керемет бейім тұрады. Бұл ақындар қандай болса да өлең өнерінің сын-сытқышымен онша танық емес, тек аса ағырлығы мен бейімділігі арқасында жырлары ұшықар, жүрекке жапы тейіп жатады. Бұл ақындардың туындылары мүлде кемеліне келмегендіктен һәм өнерден берік қонық теппегендіктен, шын мәніндегі екі ой қорытындысынан үшінші қорытынды тудыр ақындар қатарына жатпайды...

Екінші топтағы ақындар - өлең өнерімен толық танық: қай тәсілді таңдамасын олар қызданың да, бейнелеу құралының да қайсысына болса да жетік келеді. Бұндайларды екі қорытындыдан үшінші қорытынды жасайтын ақындар сапына толық жаздыруға болады.

Үшіншілерінің қатарына алғашқы екі топтағының шығармаларына әліптәйгіндер жатады. Олар әліптердің бейнелеу мен теңеудегі ізденістерін дамытып отырса да, поэзияның қыздаларына онша қанық емес".

Ғарабидің өлеңдерін поэтикалық арқауы мен көркемдік өрнегінің өзара сай келіп, қызық тауып жатуы туралы бұл қыздалары мың жыл өтіп барып Абайдың поэтикалық принциптерінен де бой көрсетеді.

Ғараби шын ақын талантының терең ашып, құршымын кең сермеу үшін оған лайықты жағдай, ең бастысы еркіндік қажет деген талаша қызданы тұжырымдайды: "Сондай-ақ өнерді зерттеп, белгілі поэзия түрін менгеріп басқаларға немқұрайды қаратайтын жаңды ерекше себептерге байланысты - өзі білмейтін түрде жазуға сыртқы, не ішкі жағдай итермелейді. Дегенмен, ғажал поэзия еркіндікте тұрмақ".

Ұлы бабалымыздың поэзия өнері, шайырлық туралы көсемдігі мен жол бастаушылығын замандастары жоғары бағалап, оған үлкен құрмет көрсеткен, оны "Ақындар падышасы" деп қаратқан. 1944 жылы Бейрутта философия, әдебиет тарихшысы Мәзлуд Аббастың "Әл-Ғарабидың" ("Екі Ғараби" немесе Ғараби мен Ибн Сина дегенді білдіреді) атты монографиялық зерттеу кітабы жарыққа шықты. Мұнда Ғарабидің ғылым, өнер қамқоршысы болған Сырия әкімі Сәйфад-Дәуланьның маңына топтасқан білгіштер шоғырының ішінде шоқтығы биік болғанын растап, дәлелдер келтіреді.

Ғарабидің бір тара өңдері әлем (космос), ондағы адамның орны мен өмірінің мәнісі туралы философиялық рәсімдер түрінде болып келеді.

Жайынан бейне бір гүл әлем сырғы.

Құбылған мөлдір нәзік таулар нұры.

Даналар талай нысан тақданымен

Тапқан жоқ тақтар төгіп әлі бірі.

Ей, қарындас! Қашындар жалған жолдан.

Ақсұтты шығарма өсте қолдан.

Бұл дүние мекенің сыйға берген,

Жер нүктеге телміріп болма алған.

Біз бір мейтан бұл жайда аз-ақ күндік,

Болымызды ағаласып күн өткіздік,

Аңғарып ағылға тар қатасқа,

Адамға әлем мекен, ол мәңгілік...

(Ақсаған А. Машақов)

Ғұлымда лерикалық сарында жазылған сырлы, маңғы өлеңдер де баршылық. (Бұл және кейінгі өлеңдерді аударған А. Нысаналин).

Қайтейін мен көк жезек менділімді.

Келер күнге үмістен жол ашытың.

Қос шөлмектен өткізім өміріңді.

Соны медеу етеді болаларым.

Бір шөлмекте көк сия толып тұрса,

Екіншіде шарап бар жайы мәлім.

Дәлелсізді сиямен мольдаыр сым,

Шарабымен шерімінен айы алын.

Ғараби де адам, пенде, оның да алыста ел-жадпы ауыл-аймағы бар, өмір өтпелі, қоршаған нәдрендік, өзіншіл пенде:

Қашықтасан тұрған жер - қалың елім,
 Не бір жүздік болдырып жарғау деген,
 Шаршадым мен, қансым талды менің,
 Шаңдап жолға сарылып қарсуменен.
 Керіоралмай жылдарым жасыр азып.
 Қасіреттің жасына көз жуанар.
 О, жар ашқан, көп кеткен адалмағын,
 Құл сыйытты тез ысып тез суынар.
 Зиялы аз бір тұғал тіршілікте,
 Әкімдікке күллісі жұтпирді.
 Көкірегімнен айынып, күрсініп көп,
 Жаныма менің түршігіп, түсінеді.

Сонанша ұлтқа көпше мүддені Абай ағамыз айшып кеткен:

Балалдымдедіресеге біл деп бердім,
 Қазмет қыпсым, мен ақсындып бермедім.

немесе

Ойыңда жоқ Салтыков пен Толстой
 Я тілмаш, я адвокат болсам деген бәрінде ой, -

деген сияқты парасатты жолдарды еріксіз еске түсіреді. Бірақта Фараби дүниеден біржолата түсілмейді, ол табандылық, адалдық, адамдық, енеге-білім туын жоғары ұстайды.

Әрине, Әл-Фараби өмір сүрген дәуірде үлкен ғалымдардың да өлең жазуы өзінше бір әдепке айналып кеткен сабақ дәстүр болған. Мәселен, Фарабидің замандасы, ұлы ғалым, медицина ғылымының негізін қалаушылардың бірі - Әбу Әли ибн Сина, зиялы көпестестік ғалым Евруни, ұлы математик Әл-Хорезми, т. б. кезінде ақыл-көпті өлең-жыр жазумен де айналысқан. Бірақ орта ғасырдың әдебиет зерттеушілері мен тарихшылары поэзия мәселесін сөз еткенде көбінесе дерлік Әл-Фарабидің есімін қайтанып отырады. Екіншіше орай, Фарабидің поэзиялық мұрасы біздің дәуірімізге дейін толық сақталмады. Әйтсе де саусақпен

сәйкештігі аз ғана жыр жолдарының өзінен оның зор шабықты, кең тынысты, тереңо йты,
нәзік сезімді, дарынды аяны болғанын аңғару қиын емес.

1.2. Әбу Насыр Әл-Фараби және оның әлем ғылымына қосқан үлесі.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Фараби ерте орта ғасырдағы ұлы ғұламалардың бірі болып табырды. Ол көпжақты оқымысты-энциклопедист және шыншыл рационализмнің қалыптастыруғандардың бірі болды. Осы себепті оған “Аристотелден кейінгі екінші ұстаз!” деген құрметті атақ берілген Әл-Фарабидің, бір кездері Орта Азияның етедегі мәдени орталығы болған қала Оtrarда туыпаны тарихтан белгілі. Әл-Фараби осы Оtrarда, өзінің ана тілі қыпшақ тілінде бастауыш білім алады. Фарабидің еңбегі мен әрекет дәуірі араб мәдениетінің даму дәуірімен тұстас келді. Әлемнің атақты оқымыстылары, философтары, ақындары, музыканттары, бәғдатқа жиналды және онда ғылым академиясы мен университет ашылды. Бәғдат оқымыстыларының арасында Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққандар құрметті орындарды иеленді. Солармен бірге Бәғдатқа – білімнің барлық саласынан, музыкадан бастап астрономияға дейін хабары бар Фараби де келді. Фараби тіл ғылымының, калиграфияның, лингвистиканың, өлең құрастырудың, риториканың ірі теоретикі ретінде танылды. Сауатты жазу, калиграфия, өлең жазу риторикадан трактаттар жазды. Әбу Насыр Әл-Фараби – жаз-жақты дамыған музыкант әрі композитор, мейерлеп орындаушы әрі теоретик, тарихшы, музыкалық аспаптарды жасаушы шебер болды.

Оның көп томдық “Музыка туралы үштен трактат” деген шығармасы көптеген тілдерге аударылған. Фараби трактаттары біздің заманымызға дейін аса жоғары бағаланады. Фараби геометрияны барлық жаратылыстық-философиялық ғылымдардың негізі деп қарады. Ұлығаны “Философияны меңгерудің қажетті шарттары” деген трактатында анық келтірген.

Астроном және астролог ретінде Фарабидің беделі жоғары болды, ол бұл ғылымдарды арифметика, геометрия, музыка сияқты жоғары педагогикалық ғылымдар категориясына жазды. Физика мен жалпы жаратылыстанудан жазған Фараби еңбектері белгілі. Жалпы физикалық және жаратылыс құбылыстарын зерттеуде ол эксперименттер жасау қажеттілігін атап көрсетеді. Фараби талаш дәрігер ретінде де белгілі. Дәрігерлік қызметіне байланысты Фараби, сол замандың басқа да дәрігерлер сияқты, алғашымен, ботаникамен, минерологиямен айналысады. Ғылымның бұл салаларының бәрі жаратылыстану ғылымына кіретін. Фараби географияға көп көңіл бөлді. Саяхатшы ретінде ол, Қазақстан мен Орталық Азияның, Таяу Шығыстың, Африканың көптеген ғылыми және мәдени орталықтарында болды. Оның Оtrarда, Талас, Шаш, Самарқант, Вузара, Хива, Кабул, Бәғдат, Дамаск қалаларында болғаны құжат түрінде белгілі. Барлық елдер мен қалаларда, Фараби жаратылыс зерттеушісі, географ және астроном ретінде аймақты оқып үйренді, орынның

координаттарын анықтады. Жаратылыстануға Ғараби басты мән берді. Ол, "жасай да бір педагогикалық ғылымға қаржыда, табиғат туралы ғылым әлдеқайда бай және кең көлемді болып келеді" деп жазды. Өзінің басқа бір еңбегінде "философияны сып үйренуден бұрын табиғат туралы ғылымды игеру керек, өйткені бұл ғылым адамға барынша жақын, мәндері анық және оған түсінікті ғылым саласы" деп жазды.

Философия саласында Ғараби өз заманындағы теңдесі жоқ тұлға саналды. Оның негізгі көзқарасы – рациональдык. Оның философиялық еңбектерінде Аристотель, Платон және басқа ертедегі данышпандардың философиялық еңбектеріне коментарийлер жазуға көп орын берілген. Ғарабидің тамаша, өте бағалы еңбегі "Даналықтың маржандары" деген трактаты 1000 жылдан бері Шығыс университеттерінің оқулық құралы болып келеді. Ғараби еңбектері Еуропаның Қайта өрлеуінде үлкен рөл ойнады. Бэкон, Л. Да Винчи, Коперник, кеплер, Лейбниц сияқты оқымыстылар өз жетістіктері үшін Ғарабиге қарыздар. Бірақ өркениеттің жан дүниесін дамуының басты себебі оның білімін бағалау оңай емес.

1.3. Ғараби және педагогикаға философиясы

Педагогика жас жеткіншектерге жүйелі тәрбие білім беру, оқыту жүйесі ғылым болып саналады. Әл-Ғарабидің педагогикалық мұрасы жайы кейбір шығармалар болмаса, оны жан-жақты талдап, ашып көрсетуге арналған еңбек кейінгі кезге дейін болмай келеді. Мұның басты себебі ұлы ғұламаның аса маңызды ғылыми еңбектерінің араб тілінен аударылмай, зерттелмей дұрыс бағаланбай келуі болды. Ғарабидің 1100 жылдық тойы қарсаңында (1975 ж.) және оған кейінгі кездерде бұл салада ашарылған көп жұмыстар бізге ұлы ғалымның педагогикалық көзқарастарын, әдеттерін біршама толық дәрежеге, ғылыми дұрыс методология тұрғысынан ашып беруге мүмкіндік туғызып отыр. Мұнда автор негізінен езінің «Ғарабидің педагогикалық мұрасы» атты докторлық диссертациясы мен басқа да жарық көріп жұртқа танымал болған және әлі жарияланбаған кітаптары, мақалалары мен аудармаларына сүйенеді. Сонымен қатар Ғарабидің бұрыннан мәлім ғылыми-философиялық шығармалары да қайта қарастырылып, олардың педагогикаға тиісті, қызысты жерлерін баяндау барысында ескеріліп отырылады. Ғарабидің педагогикалық жүйесін баяндауда біз төменде мынадай ретті қабылдадық: «Әуелі Ғараби – педагогика ғылымының пәні мен мақсаттары туралы; екінші, ғұламаның жалпы педагогикалық қағидалары, тәрбиенің мазмұны, түрлері және әдістері туралы көзқарастары; үшінші Ғараби еңбектеріндегі дидактика проблемалары; Төртінші, Ғарабидің педагогикалық идеяларының оның жаратылыстану ғылыми еңбектерінде қолданылуы және жүзеге асырылуы; бесінші, Ғарабидің педагогикалық көзқарастарының кейінгі ғасырлардағы шығарылуы, Елші педагогикасына тигізген әсер-ықпалы».

Платон мен Аристотель сияқты Ғарабидің де саяси және педагогикалық теориясының оның философиясынан шығарып алуға болады. Сонымен қатар Ғарабидің педагогикалық көзқарастары оның жаратылыстану, өнер туралы пікірлері, қағидалары, ізденістерімен араласып, астасып жатады. Ол педагогиканың философиясын жасам көмелдендіруге ат салысқан ұстаз. Әл-Ғарабидің ілімі бойынша педагогика- адамгершілік немесе саяси философия қыранына жатады. «Тек талаша көркемдікке жетуді мақсат ететін, өнер деп жазады ғұлама, - философия немесе абсолюттік мағынада айқанда, ғылым деп аталады».

Ғарабидің анықтауы бойынша педагогика тәрбиеленуші адамның ерік-ниеті белгілі бағытта сәйкес, тиісті құралдар мен әдістер арқылы басқару, білуге өнері. Ал басқарушы адам – педагог, ұстаз, тәлімгер. Оның педагогикалық жүйесіндегі темір қазық болып

саналықтан философиялық-этикалық категория – ол әрбір адамды бақыла жеткізуге ұмтылады. Бақыла жетудің негізінде философия, ғылыми білімдер арқылы дүниедегі әдемілікті, кіршіксіз пәк тазалықты бойға сіңіру, ойға, жүрекке ұлағту, дарынға әрекеттасалады. «Ез бақыла тек әдемілік, пәк тазалықты бойға сіңіру арқылы жетеміз, ал ешдай кемел тазалық пен әдемілік философиясы өнері арқылы келетіндіктен біз бақыла нәқ, философия арқылы ғана жетеміз». Ғараби өзінің ұстазы Аристотельдің дәстүрін дамытып философия ұғымына бүкіл ғылым, білім, өнер иіліктерін қоса жақызады, яғни философия – шынайы білімпаздық, өнерпаздық, кемелгерлік. Ғарабидің педагогикалық системасында тәрбие мен тәлім, білім мәселелері бірінсіз бірі жоқ, органикалық, ажыратас, дидактикалық байланысы қосарланып жүреді. Ғараби де Аристотель сияқты адамды қоғамдық жан деп қарап, өзінің бүкіл педагогикалық, этикалық және басқа гуманитарлық көзқарасында осы қазғиданы басшылыққа алады.

Ғарабидің педагогикалық теориясында оқыту мен тәрбие өте тығыз да біртұтас байланыста қарастырылғанмен, олардың педагогикалық құрал ретінде әрекеті, әрқайсысына ғана тән жақтары да ажыратылады. «Оқыту адамдар мен қалықтарды теориялық қайырымдылық дарынға болады, ал тәрбие – білім – білімге негізделген өнер арқылы оларға этикалық қайырымдылық дарынға тәсілі. Оқыту сөз арқылы жүзеге асырылады, ал тәрбие кезінде адамдар мен қалыққа белгілі қимыл-әрекет дәддасын егеді...».

Ешпайша айқанда Ғарабидің пайымдауы бойынша оқы- философия негіздерін, теориялық білімдерді игеру, ал тәрбие – ол мағалімнің, тәлімгердің, адамға белгілі бір адамгершілік, құлық-қалықтарын және практикалық өнерді игеру дәдддарын қалыптастыру бағылындағы әс-әрекеті, ол шәкірттерге белгілі бір оқ қасиетті, сапаны дарынға үшін қалай болса солай емес, белгілі бір мақсатты көздеген, саналы тәрбие жұмысаны басты мән береді. Ғарабидің педагогикалық практикасында оқытылатын ғылымдардың программасы, тезісі, оқулықтармен қатар түсініктеме (комментарий), баяндау, қысқаша шолу, сұраққа жауаптар т.б. дидактикалық әдебиет формалары да кездеседі.

Аристотель философиясын үйренудің төғыз шарты.

Бірінші – философиялық ағымдардың ағы-мәнін білу.

Екінші – олардың философиялық еңбектеріндегі негізгі мақсаттарын тану.

Үшінші – философ болу үшін қажетті ғылымдарды тани білу.

Төртінші – философия ғылымына үйренудегі мақсатты түсіну.

Бесінші – философия ғылымына кірісудің теге жолын тану.

Алтыншы – Аристотель еңбектеріндегі қолданылған ғылыми түсініктерді талдай біту.

Жетінші – Аристотель өзінің еңбектерін оқыған адамның терең ақылдық сырларды шешуді талап еткен себебін біту.

Сегізінші – философ адамның міндетімен тіршілік ержесін қалпын түсіну.

Тоғызыншы – Аристотель ілімін үйрену үшін нендей нәрселер мұқтаж екенін біту.

II. Тарау.

1. Ирандағы Ғараби туындылары

Бүгінде Ирандағы көне қолжазбалар саны шалталан мәншөнге жетіп жығылды. ..Бұған дейін әртүрлі кітапханалардың қолжазба қортарынан Ғарабидің 36 трактаты табылған еді. Солардың кейбірінің қайталай көшірілген нұсқаларын есептей келгенде, барлығы 93 қолжазбаның жайы белгілі болып отыр. Бұл өзiрге белгілі болғаны ғана. ..Басы бар да аяғы жоқ, аяғы бар да бас жоғы сақталмағана дүниелер қаншақта. Бұған қоса қай Ғарабидікі екені белгісіз туындылар да бар.

Иранның Тегеран, Қум, Мешхед, Тәбриз, Исфахан, Рашт және Исфаһарлардағы кітапханаларда сақталған Ғараби еңбектерінің бәрі де араб тілінде. Дегенмен, кей туындыларының аударма қолжазбаларына да сілтеме жасалып отырыған. Егер оны университеті кітапханасында сақталған «Құсын (Логика) іліміне кіріспе» трактатының еврей тілінде үш бірдей аудармасы бар. Мұса бей Ладвейс Иксудик, Самуэл Бен Табун және Шалом бен Авиб аударған осы трактаттың тағы бір көшірмесі мен аударма қолжазбалары бүгінде Париж ұлттық кітапханасында сақтаулы тұр. Деректерге сенсек Ғараби дүние салысымен оның дүниелері шетінен еврей тіліне аударыла бастаған екен. Ендіше, еуропаның көптеген еңбектері басқа тілге қарағанда, еврей тіліне көп аударылған болса оған таңдануға болмайды. Сонымен қатар Мешхед шаһарындағы Резани кітапханасында қолжазба күйінде сақталған Ғарабидің қасида қалыбында жазған жырлары қоса көшірілген өлең жинағы да назар аудармалы қоймайды. Жалпы, Ғарабидің тек араб тілінде ғана емес, парсы тілінде де өлең жазғаны жайлы дерек бар. Алайда оның тек екі рубкі ғана бүгінге жетіп отыр. Иран кітапханалары қорында сақталған Ғараби трактаттарының бірнеше қолжазбасы Үндістан, Ливан және Мысырда жарық көргені айқындалды. Ол қолжазбалардың көбісі XVI – XVII ғасырларда жеткен көшірмелер. Солардың көпшілігі настиалик жазумен таңбаланған. Арасында нәсіх жазумен таңбаланған нұсқалар да ұшырасады. Кейбірінде көшірмешінің аты-жөні, көшірген уақыты дәл көрсетілген. Мәселен, Мешхед қаласындағы Резани кітапханасындағы трактат қолжазбалары арасында Мұхамед Мұхамед және Әли табағабидің көшірмелері жеті ұшырасады. Оған қоса, Әли Таабобидің, Мұхамед Реза Түни Корасанды, тажеддин Хусейн Со'ад, Сұлтанмақмұд Әл-Мір Вузоргі Мәвендраниді Ширази, Сұлтанмақмұд Хусейн Вузоргі есімді көшірмешілердің де еңбектері кездеседі.

Адамзаттың «екінші ұстазы» аталған Әбу Насыр Әл-Фарабидің туындыларының санын ғалымдар әлі толық анықтаған жоқ. Нақты дәлелденбесе де оның трактаттарының саны кем дегенде 130, әрі дегенде 160-тан асады деп есептеледі. Ал Иранда сақталған қолжазбаларының ішінде қазірге дейін Фарабидің мынандай еңбектерінің бар екені анықталған:

Трактат: қолжазба саны

«Хизмет өзегі» - 19

«Мәселелерді қарастыру» - 11

«Ақылыс» (Азыл) - 9

«Қос хакім көзқарастарының тоғысы»

(Аристотель және Апптолон ойлары жөнінде) - 6

«Қата саясаты» - 5

«Алшымдық дәлелі» - 5

«Зәйтүн Кабир трактатына түсінік» - 5

«Болмыс басы» (Саясат) - 3

«Саяси қоғам» - 3

«Жұптық үкімдері» - 3

«Аристотель метафизикасы», «Заттар төркіні», «Фәлсафаның пайда болуы» және «Бақытты игеру» деп аталатын еңбектердің қос-қостан көшірмесі шықсақы. Шолу, сауалдарға жауап, түсінік бағытында жазылған трактаттар саны - 11. Сондай ақ: «Нбн Зарийе салыстырмасы», «Гесметрия түркіліндегі анық румзаның күш пен табығат сырлары», «Ескертуді ескерту», «Апптолонның намысты қоғам еңбегін қысқаша талдау», «Қысқаша қысыс», «Қысыс қалыптастыру», «Хизметке баулу әдебі», «Бақыт жолындағыларды ескерту» (Дүние бақышының дәлелі), «Жасампаз қала тұрғындарының көзқарасы» деп аталатын Фараби туындыларының әзірге бір-бір дана көшірмесіне кезігіп отырмыз. Иран қолжазба қорларында Фараби трактаттарына түсінік жазған Нәсрэдін Туси, Жәлолатдин Дуани және Жәнді (?) төркіні адамдардың да еңбектері сақталған. Туси мен Дуанидің кім екендігі белгісіз, ал Жәндідің кім болғаны әзірге беймәлім. Жалпы Иранда Жәнді шығарған шығарған бірқатар ғұламалардың еңбегі сақталуы. Әбсағтар Дербісалі өзінің «Сөзек даласының жарташтары» деген еңбегінде бес бірдей жәндідің өмірбаянына тоқталған. Түркі, Түркістан, Шам, Ташкент, Бәнекені есімдері шығыстаныушылардың қолына түссөз қайсысы бір-бір ғылыми жұмыс тақырыбы болып шыға келер еді. Фарабидің өзінің қаншама тәрсі етіп шығаруға тырысқанымен, кейбір ынағаты ирандық зерттеушілер деректерге

сүйеніп оның толық аты-жөні Фараби Түркістанға, Фараби Түркік болғанын айтады. Ирандағы Тегеран университетінің кітапханасы қолжазба қорындағы Фарабидің өмірі мен қызметі жайында жазылған көп бірдей қолжазба да құнды деректердің бірі.

Кісі адамзаттың игілігін көздеген Фараби еңбектерін сақтап отырған Иран кітапханасының қолжазба қорында ислам діні пайда болғанға дейінгі деректер де ұшырасып келеді. Ал ислам дәуіріне қатысты басты мұра – Мұхаммед пайғамбардың ол кезде оқи табынатын зороастризм дініндегі парсы тіліндегі Қосрау патшалығы Мұстафа патшаның жазған кітабының көшірмесі де бүгінде Тегеран университеті кітапханасында сақтаулы тұр. Еліміздің Ирандағы тұңғыш елшісі Мұратбай Жолдасбеков Фараби трактаттарының бірнеше көшірмелері елге жеткізілген.

2.2. Әл-Фарабиің Индияда болған сәтінсіз Vol. Robert on

Әл-Фараби (6-дан заманалықтың 870-950 жылдары) Түркістаннан (Қазіргі Қазақстанның Шығыс облысында, ағт.) шыққан ұлы философ әрі музыкант болды. Ол Канун (ағт. Qanun) деген музыкалық аспап ойлап тапқан. Ол әлемнің көптеген елдеріне саяхаттаған. Ешкім танымау үшін бетіне беттерде (маска) киіп алады екен. Индияда жүрген бір күні ол Король армиясының формасын киіп алып, жей адам ретінде Индиядағы ең атақты адам Король Суффудиннің ұлы сөзі ететін белгіге кіреді. Король өзінің корольға арналған белгісінен қарапайым адамды көріп таң қалады да, ол не істеп жүрген адам деп білгісі келеді.

-Сіз қайда боласыз? — деді король

-Мен ана сіз отырған тақта отыруға тиісімін. —деп жауап береді. Сөйтіп тақтың қасына барып, оның бір шетіне отырады. Отырған соң біртіндеп корольды нығытыра бастайды. Король қатты ашуланды да, күзетшілердің бірін шақырып, оған өзге бір түсініксіз тілде бір нәрселерді сөйлейді. Ол түсініксіз тілде "Мына адамның есі тура емес болу керек немесе кісінің танданып қалғанын білмейді. Мен бірнеше сұрақтар қойып, қандай адам екенін білейін" дейді. Король сұрақ қою үшін Әл-Фарабиге бұрыла беріп еді, бірақ, аузын ашпайша. Ал Фараби король сөйлеген түсініксіз тілде былай дейді: "Король сіз неге мазасызданасыз?" Осы мезеттен бастап король мен Әл-Фараби бірнеше сағат бойы үздіксіз философиялық таласқа түседі. Корольдың келтірген аргументтеріне күше-үтіріне шайын дәлелмен немесе қарсы дәлелмен жауап беріп отырады. Бұл дебатқа Индияның ең атақты деген философияшандары қатысады. Олардың бәрі Әл-Фарабиді сүйсініп алып, таласта жеңіліс табады. Ақырында король жеңілісін шын жүректен мойындап, Әл-Фарабиге, не қалайсың, сұрағаныңды ұлы ризалықпен берем дейді. Әл-Фараби маған ештеңе керек емес деп жауап береді. Содан соң король оны құрметті қонақ етіп, әлемдегі ең мықты деген музыканттарды жинап, оларға қонақтың құрметіне музыка ойындар деп бұйырады. Музыкашандар ойлап жатқанда, Әл-Фараби оларды тоқтатып, аспаптарының құлақ күйін басқаша келтіріп береді. Содан музыканы қайта ойлап шығуды сұрайды. Бұл жәрдәй жеті қайталанайды. Ақыры болмаған соң король өз музыкашандарын құлып жібереді. Содан соң король Фарабиге: "Мен менің музыкашандарымды жібермеудің, енді өзіңнің олардан артық екеніңді дәлелде" дейді.

Әл-Фараби қалағасынан кішкентай үш шек алды да оны көріп жағары, шат-шадыман мелодияны қойып ойнай бастады. Музыканың әр қайырысында залдағылар, корольда бар ішінде ду күліп жіберіп отырады. Музыка тыңдау жағаса береді де тыңдап отырғандар, король да ары-бері домалап еріксіз күле бастайды. Кенет, Ал Фараби кілт тоқтайды да, баяу,

мұндағы әуен айнай бастағанда тыңдап отырғандар бірі орындақта, бірі отырған жерінде Ғарабиден басылып, шешінен төтті ұйыққа кетеді. Осы кезде Әл-Ғараби бөлшеден жайпал шығып кетеді. Содан кейін ол жердің оны ешкім көрмегені. Корол оянғаннан кейін қанша іздегенде таппағаны.

2.3. Орта ғасыр ғылымдарының Әл-Фараби туралы ой-пікірлері

Әбу Насыр Әл-Фараби туралы сол кездегі көптеген ғалымдар өздерінің ой-пікірлерін жазып қалдырған. Алы ойшыл Әбу Әли ибн Сина, тарихшы-ғалымдардың Закируддин әл-Байсани, Жамолуддин ибн әл-Кифти, Ибн Әби Усайба, Ибн Халликон сияқты атақты ғалымдар өз шығармаларында ұлы философ Әбу Насыр Әл-Фараби жөнінде кейбір мәліметтер беріп кеткен. Белгілі шығыстанушы-ғалым, Аристотел солардың бірақтарына араб тілінен өзбекшеге аударып жариялаған екен. Біз соны өзбек тілінен қазақшаға тәржімә жасап, оқырманға ұсынуды жөн деп ойлап отырмыз.

Әбу Әли ибн Сина: Мен логика (логика), жаратылыстану және ризмат (математика, геометрия) ғылымдарын жақсылап меңгердім. Сосын теологияны оқып үйренуге кіріскенімде Аристотельдің «Метафизика» кітабын оқыдым. Бірақ онда не жазылғанын оқып түсіне алмадым. Бұл кітапты жазғандың мақсаты маған түсіне болып қала берді. Тіпті оны қырық рет қайталап оқып шықтым. Бұл кітапты жаңғырта алдым. Бірақ соның өзінде мен оны түсіне алмадым. Ақыры одан үміттері үзіп, бұл түсінуге болмайтын кітап екен деген қорытындыға келген едім. Бір күні бесін наурыз кезінде кітап сатушыларға бардым. Онда бір дүкенді иеленетін бір кітапты қолына ұстап алып, мақтап тұр екен. Ол мені қасына шақырып, маған кітапты көрсетті. Сонда мен бұл ғылымды бітудің пайдасы жоқ деген оймен әлгіні жақсырмай, алмайсынымды айттым. Делдал маған «Бұл кітапты ал, бағасы арзан - үш драхм, кітаптың несі ақшаға мұндаж», - деді. Осылайша мен кітапты сатып алдым. Қарасам, ол Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Метафизика» кітабының мақсаты жайында жазылған шығармасы екен. Үйге келген бойда оны оқуға кірістім. «Метафизика» ойында жаңғырып қалған себепті сол сәтте-ақ кітаптың мазмұнын түсініп алдым. Бұған қатты қуанып кеттім. Мұндай кітаптың табылғанына шүкіршілік жасап, ертеңінде-ақ кедейлерге біраз нәрсе садақа бердім.

Закируддин әл-Байсани, Шейх Әбу Насыр Әл-Фарабидің аты Мұхаммед ибн Тархан болып, шығыстағы Түркістанның Фараб деген жерінен екен. Бұл кісі «Муаллим ас-Сонне» - «Екінші ұстаз» деген лақап есім алған. Ислам ғалымдары арасында одан бұрын мұндайлықты ақылы анық адам болмаған еді.

Әбу Насырдың көп трактаттары болған. Мен Рай шаһары басшысының кітапханасынан бұл кісінің шығармаларын көрдім. Сол жерде мен Әбу Насырдың көбі шығармаларын көрдім, тіпті ондай кітаптар жайында ешқандай естімеген де екенмін. Тағы бір айта кететін жайт - көрген кітаптарымының көпшілігі Әбу Насырдың өз қолымен жазылған яки оның

шәкірті Әбу Зәкария Язғи ибн Адһаң қолымен көзделген.

Ғұлама Әбу Наср Әл-Фараби айтады екен: «Кімде-кім халық (философия, даналық) білімін оқып үйренуге кіріспек болса, ол ең алдымен жас болуы, ниеті дұрыс, әдеггі, қайырымды адам болуы керек. Ондай кісі адамдарға мейірімді, таза, адал болуы, азғын қылықтардан: күнә, қиянат, зұлымдық пен аярлыктан таза болуы тиіс. Білім жолына түскен жан күнде-лікті күйбең тіршілікті ойламауы қажет. Жалғыз білімін оқып үйренуге кіріспек болған адам білімді де, ғылымдарды да құрмет тұтатын кісі болуы шарт. Ондай кісі ғылым адамдарынан басқа ешбір нәрсені қадірлейтін болмауы керек. Білімді кәсіп, өнер етіп алмауы керек әрі оны мал-дүниеге табу құралы етіп жібермеуі қажет. Кімде-кім маңы керісінше істейтін болса, онда ол кезеңді саналады. Жалған ақша таза ақша есептелмейтіні сияқты, жалған сөз ешқашан мәнді сөз болмайды. Егер мінез-құлқы біз айтамындай емес, теріс мінезді кісі болса, ол ешқашанда ғылымдар қағарына қосылмайды. Ағаштың өсіп-жетілгенін бұтқағағы желсіне қарай бағалайды ғой. Сондай-ақ адамның басына қонған бақыт тұрады. Кімде-кім өзін өз дәрежесінен ағары көтермек болса, ондай адамның өсу жолына тосылып қойылады».

Жамолуллоһ ибн әл-Күфғий: Әбу Наср әл-Фараби - Мауерәннахрдағы түрік шаһарларының бірі болған Фарахтон шыққан философ. Бұл кісі мұсылмандардан шығып, әлемге танылған данышпан саналады. Ол Иракка барып, Бағдат шаһарында тұрып қалады. Әбу Наср Бұтқалада халықтар білімін үйренеді. Осы жерде Әбу Наср сол дәуірде дендесі жоқ адам болып шығады. Логикаға қатысты кітаптарды зерттеу және оларға түсіндірме жазуда көп іс тындырды. Логиканың қиын тұстарын айындай түсті, көпшілікке түсініксіз болған жасырын сырларын ашып әрі бұл ғылымның пайдалану әдістерін жеңілдетті. Ол өз шығармаларында логикадан пайдалану үшін түсінікті сөз тіркестерін, астарлы мензеу сөздер қолданып отырды. Тігі ол логиканы түсіндіру, үйрету және талдау жасаудағы Әл-Күфғий, тағы басқалар жіберген опықшылықтарды да атап көрсетті.

Әбу Насрдың бұдан басқа «Йосо ал-улум ва аттауриф» - «Ғылымды меңгеру және оның мақсатын түсіндіру» туралы жазылған күндегі кітабы бар. Мұндай шығарма жазуда осы кезге дейін Әбу Насрдан ешкім озып кеткен емес. Тігі бұл секілді айтырларды оған дейін әлі ешкім айта алмаған, ол кісі шығарған бағжа ешкім көтеріле алмаған еді. Дамып келе жатқан ғылымдардың барлық салалары да оның салған дұрыс жолын пайдаланды дегуге болады.

Әбу Насырдың Аристотель (Платон) және Аристотель философиясынағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді... Мен философияны үйренушілер үшін одан («Фараби кітабынан» - Н.К.) пайдалырақ бірер кітап бар деп ойламаймын. Бұл шығарма барлық ғылым салаларына ортақ әрі осы еңбек арқылы басқа ғылым салаларының өзіне тән мәні-мағыналарын түсінуге болады. Бұрын логикадағы кәсіп орындардың мағыналарын, олардың неден құрылғанын түсіну мүмкін емес еді, қалайша сол мәні-мағына барша ғылымға ең алғашқы негіз, іргетас болып қалғаны мүмкін екендігі дәл осы Фараби шығармасында ғана түсіндірілген болатын.

Нұр Әби Усәйба: Фараби - шынайы философ, терең білімді данышпан еді, философияға қатысты пәндерді толық игерген болатын. Ол тризнет (математика, геометрия) ғылымдарына жетік, білгір, ірі ұстаз, мал-дүниелен ісі жоқ, қарапайым адам еді. Ол төрелік шығармды, қарағаты мол және болатын. Ол өзінің мінез-құлқы жағынан ежелгі дәуір философтарына ұқсайтын.

Әбу Насыр тәуелшіліктен де едәуір жақын еді. Тәуелшіліктің теориялық жағын жақсы білетін. Бірақ тәуелшілік тәжірибесімен іс жүзінде қолдану және оның ұсақ-түйек елдің жақсы ісін айтарлықтай терең меңгермеген болатын.

Әл-Фараби Дамаскіге алғаш барған кезінде бір бауға қарауып еді, сол бау ішінде отырып ұдайы кезектесіп философия ғылымымен айналысатын. Әбу Насыр бұл жерде ежелгі дәуір ғалымдарының көзқарастары - шығармалары мен оларға жазылған түсініктерді бас алмай оқып отыратын. Ол өзі жарлы кісі еді, тіпті түні бойы ұйықтамай, шығарма жазумен айналысатын, кәдейсігі сондай, өзіне қарауылдығы үшін беретін шамның нұрын пайдаланатын еді.

Біраз уақыт Әбу Насыр осылай өмір сүрді. Кейін оның есімі тәжірике мәлім болып, беделі артады, жазған шығармалары да мәшһүр болып кетеді. Сөйтіп, оның шәкірттері де көбейеді. Соның нәтижесінде ол өз заманының бірден-бір аса ірі ғалымы. Ел билеуші әмір Сайф ад-Дәула (Абул Хасан ибн Абдуллох ибн Хамдан ат-Тәглабий) Фарабиден аңгімелесуді ұнататын болған, әмір оның біліміне танданып, оған көп ізет-құрмет көрсетеді. Сол арқылы әмірдің, Әбу Насыр қызығатын жандарының да даңқ-дәрежесі артады, бұған әмірдің өзі де рақаттанады. Кейбір шайхтардың айтуына қарағанда, Әбу Насыр Әл-Фараби бір жолы Ифсырға (Египетке) сапарлап барған, кейін Дамаскіге қайтып келіп, осы

жерде Сайф ад-Даула Али ибн Халидан әмірлігінде, осы елде әр-Розай халиф болып тұрған кезде қайтыс болды. Сайф ад-Даула өзінің жоғары мәртебелі он бес әкім кісілерімен бірге Әбу Насырдың жантәсілінде болды. Елдің айтуынша, Әбу Насыр өте қарағаштып адам болғаны үшін әмірші Сайф ад-Дауланың ерекше құрметіне бөленген екен. Алайда, соған қарамастан Фараби күніне төрт десрәт күміс ақшадан басқа ешқандай сый-сиясаты пайдаланбайды. Сол төрт десрәтты тіршілікке зәру болған нәрселерге ғана жұмсайтын болған. Ол «тұрмыс-тіршілігім не болады» деп қайғырмайды екен. Тіпті бастама егерлік ұй-жайды да, өзіне келетін бірнәрсені пайданы да ойламай өтті. ..Елдің айтуына қарағанда, Әбу Насыр қозы жүрегі мен райсан шербатын өзіне тамақ еткен екен. Әбу Насыр алғашқы кезде қазы болып істеген дейді. Ғылым дүниесіне тереңрек бойлаған соң бұл жұмысты тастап, бар жан-тәнімен білімін асыра түсуге кірісіп кетті, мал-дүниеге ешқандай қызықтаған екен. Ол қарауылдау үшін келісін бауға барады екен де, шырақты жағып, кітап оқуға кіріседі екен. Мұзыка саласында да ол білімді болыпты. Бұл салада да оның зерттеулері шырақтауына жетіп, барынша кемелденіпті, мұзыка әлемінде одан озып кету мүмкін емес екен. Жұрттың айтуына қарағанда, ол жазып өзі мұзыка аспабын жасапты, міне, сол аспаптан адамның жан жүрегін елжіретіп жіберетін сандыры бір рамаһ әуен естіледі дейді.

Ибн Халипхан: Әбу Насыр Әл-Фараби логика, мұзыка және бұл екі пәннен басқа да бірнеше ғылым салаларына қызықты шығармалардың авторы болған. Сондай-ақ, ол мұсылмандардың ең ірі философы саналады, ешкім ғылымда бұл кісінің дәрежесіне дейін көтерілген емес. Әбу Әли ибн Сина да оның кітаптарынан көп нәрсе үйренген. Әбу Әли ибн Синаның сөзіне қарағанда, ол Фараби шығармаларын оқып ләззат алған екен. Бұл кісінің шыққан тегі түрік болған, ол сол өз елінде туып, сонда өскен. Кейін өз елінен шығып, басқа елдерге саяхат жасайды, ақыры Бағдат шаһарына барады. Сол кезде ол түрік тілімен қатар араб тілін, тағы басқа бірнеше тілді білген. Әбу Насыр Бағдатта араб тілін үйренуге кірісіп, бұл тілді жан-жақты әрі терең біліп шығады. Сонынан осы тіл арқылы ол жазмалы философия ғылымын меңгеру жолына түседі. Адамдардың айтуынша, Аристотельдің «Жан туралы» кітабының Әбу Насыр оқып шыққан нұсқасы табылған. Міне, сол кітапта Фараби өз қолымен, «мен осы кітапты жүз рет оқыдым» деп жазып қойыпты. Бұл ғылым жайында пікір айтаандардың сөзіне қарағанда, Әбу Насыр, сол философ Аристотельдің «Физика» деген шығармасын қырық рет оқыдым, бірақ оны тағы қайталап оқуым керек деген екен.

Бір жолы Әбу Насыр Әл-Фарабиден

- Философия саласында мен мықты, Сіз бе әлде Аристотель ме? –деп сұрапты.
Сонда Әл-Фараби:

- Егер мен сол кісінің өзген білім алу бақытына ие болғанымда, онда мен оның ең мықты шәкірттерінің бірі болар едім, – деп жауап беріпті.
...Білімге құлдар жаңдар Әбу Насырға тыным бермей, бірі келіп, бірі кетіп жатады. Ол жазғандықарналар бөлек-салмақкүйінде пайдаланып жатады екен.

Қорытынды

XX ғасырдың екінші жартысынан бері қарай Қазақстан ғалымдары да ұлы ұстаздың бай мұрасын жаңадан зерттеп таңуға өз үлестерін қоса бастады. Қазір Қазақстан Ғылым академиясының кітапханасында Әл-Фарабидің ету шажы еңбегі бар. Олардың ішінде басқа тілге аударылмаған ғалымдар арасында осы күнге дейін белгісіз болып келген: «Алматеске түсініктеме», «Геометриялық сызықтар жасаудың әдістері», «Астрология», «Китаб әл мусныи әл кабыр» секілді әрқайсысы бір бір ғылымның шындығын көрсететін аса ірі туындылары бар. Мұның сыртында соңғы жылдары Қазақстанның Иранда ағашшы Тегенше және Өкілетті елшісі болған ғалым Мырзатай Жолдасбеков тауып әкеліп, Алматыдағы Әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің кітапханасына тапсырған Әл-Фарабидің қолжазбалтары өз алдына бір пара қазына. Олардың көшірмесі (он үш қолжазба) бүгінде Бураһан ұлттық университетінің Отырар кітапханасында сақтаулы. Өмірінің соңына қарай Әл-Фараби Мылыр, Шам, Халас қалаларында болып, ақырында Шам шаһарында көліп, сонда тұрақтайды. Осында қайтыс болады. Оның денесі Шам шаһарының Кіші қыста (Баб ас Сакыр) жанындағы зиратқа қойылады. Әл-Фарабидің ісін жалғастырған, ғылымға берілген шәкірттері көп болады. Олардың ішінен, ең алдымен, Орта Азияның ұлы ғалымы Әбу Әли ибн Синааның (Авиценна) есімін атауға болады. Кейінгі кездегі шын ғалымдары оларды бөліп жәрмай «Қос Фараби» деп те атайды. Сондай ақ еңбектері ұлы ұстаз еңбектерімен сабақтасып жазған ұлы ғалымдар Веруни, Бозжани, Омар Хайямдар да өздерін Әл-Фарабидің шәкірттеріміз деп есептеген.